

Д.К.Рүстембекова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: dinara_226@mail.ru)

Қазақстан Республикасында ұлттық саясат қалыптасуының теориялық-құқықтық аспектілері

Азаматтық қоғам мен демократия, егемендік құндылықтары негізінде этносаяси дамудың басты мәселелерін шешу Қазақстан Республикасындағы ұлттық-мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады. Еліміздің негізгі функцияларының бірі этносаралық қатынастарды реттеудің ҚР Конституциясы нормаларына сәйкес берік саяси-құқықтық негізі бар. Ұлтаралық қатынастарды реттейтін құқықтық негізін құрайтын заңнамалық нормалар мен актілер жиынтығы туралы сөз болады. Елімізде ұлттық саясатты жүзеге асырудағы мемлекеттік саясат пен қоғамдық ұйымдардың қызметін үйлестіруде қоғамдық институт — Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызды рөлі көрсетілген.

Кілт сөздер: ұлттық саясат, этносаралық қатынастар, Конституция, нормативтік-құқықтық аспектілер, Қазақстан халқы Ассамблеясы.

Біздің тәуелсіз ел болғанымызға жиырма екі жыл толды. Тәуелсіздік — барша қазақстандықтардың арман-мұратының салтанат құруы. Осы кезең ішінде Елбасының сарабал да көреген саясатының арқасында Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне аяқ басып, әлемге танылды. Қоғамның барлық салаларында азаматтардың мүддесі мен еркіндігі бірінші орынға қойылды.

Қазақстан Республикасында салиқалы ұлттық саясаттың жүргізілуіне ерекше көңіл бөледі. Ұлттық саясат елдің жалпыұлттық мүдделерін қамтамасыз ету мен қоғамдағы жалпымемлекеттік салалардың дамуын жорамалдайды. Ұлттық саясат мемлекет мүдделерін білдіреді. Ұлттық саясаттың мақсаты ұлттық бірігу, этносаралық ықпалдасу, ұлттық-мемлекеттік егемендікке қол жеткізу болып табылады.

Егемендіктің алғашқы жылдарында-ақ еліміздегі ұлтаралық қатынастар мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев: «... ішкі саясаттың іргелі қағидасы ұлтаралық келісім принципі болуға тиіс. Міне, осының өзі демократиялық құқықтық мемлекет құрудағы қазақстандық жолдың ерекшелігін және біздің дүниежүзілік қауымдастыққа енуіміздің ерекшелігін айқындайды», — деп атап көрсеткен еді [1].

Қазақстан ұлттық саясатының даму динамикасын қарастыру барысында, оның мына қағидаларға:

- егемендік пен тәуелсіздікке;
- қоғамдық тұрақтылық, келісімдер мен конструкциялық шешімдерді іздеуге;
- парасатты ұлттық-ерекше мүдделерді жүзеге асыруға;
- барлық ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің экономикалық және мәдени дамуының тең дәрежелі мүмкіндіктері кешеніне;
- ұлтаралық келісімге, адамгершілікке, өзара көмекке, достық және өзара жәрдемдесу;
- ұлт құқығы мен адам құқығының үйлесіміне негізделетінін көруге болады.

Кез келген мемлекеттің ұлттық саясатының басты бағыттары мен ұлттық саясат қағидаларын бекітетін, сонымен қатар ұлтаралық қатынастарды реттейтін құқықтық негізін заңнамалық нормалар мен актілердің жиынтығы құрайды.

Біздің Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің негізгі функцияларының бірі ретінде этносаралық қатынастарды реттеуді белгілейді. Бұл қатынастар аясында тұрақты және көпжоспарлы саясат белсенді түрде жүргізілуде. Оның өз алдына Қазақстан Республикасы Конституциясы [2] нормаларына сәйкес берік саяси-құқықтық негізі бар. Конституцияның Преамбуласы мынадай сөздерден басталады: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып...», — деп айқындалған. Бұл Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа қазақстандық мемлекеттілікті көпұлтты Қазақстанның барлық халқының мемлекеті ретінде сақтап қалуының салтанатты түрде жарияланған құжаттық дәлелі. Бүгінде Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессия өкілдері, 3088 діни бірлестіктер үшін ортақ шаңырақ [3].

Ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары бар Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекіте отырып, кімді де болмасын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге тыйым салды (Конституцияның 14-б. 2-т.). Ол теңқұқылықты адам мен азаматтың құқықтар мен бостандықтарға адамның табиғи қасиеті мен оның қоғамдық сипатына қарамастан тең ие болуын анықтайды. Адамның табиғи қасиетінде жынысы, нәсілі, ұлты көрсетілген. Адамның қоғамдық белгілері әлеуметтік шығу тегін, қызметтік және мүліктік жағдайын, тілін, дінге қатынасын, сенімін, тұрғылықты жерін және т.б. білдіреді.

Жеке бастың аталған қасиеттері кемсітуге тыйым салынатын түпкілікті себептер болып табылмайды, өйткені нормада туындауы мүмкін «басқа да мән-жайлардың» тіркелу мүмкіндігі көрсетіледі.

Түсінік беріп отырған баптың мазмұны Адам құқығының жалпы декларациясының [4] 2-бабына сәйкес келеді. Адам құқығының жалпы декларациясының 2-бабында әрбір адам Адам құқығының жалпы декларациясында жария етілген барлық құқықтар мен барлық бостандықтарға нәсіліне, терісінің түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де сенімдеріне, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік, топтық-тектілігіне немесе өзге де жағдайының айырмашылығына қарамастан ие болуы керек екендігі туралы айтылады. Бұдан басқа, елдің немесе адамға тиесілі аумақтың тәуелсіз, тәуелді, өзін-өзі басқара алмайтын немесе өз егемендігіне қандай да болмасын шектеуінің бар екеніне қарамастан, саяси, құқықтық немесе халықаралық мәртебесі негізінде ешқандай айырмашылық болмауы керек.

Қазақстан Республикасы бекіткен Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің [5] 2-бабының 1-тармағына сәйкес осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет, осы Пактіде танылған құқықтарды өзінің аумағының шегінде және юрисдикциясына қарасты аумақта тұратын барлық жұртты нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сеніміне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік жай-күйіне, туу немесе өзге де жағдаяттарына қарамастан, еш алаламай аталған құқықтарды құрметтеуге және қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 19-бабында: «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар», — деп көрсетілген.

Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандылық танылады (5-б. 1-т.), ұлтына, дінге көзқарасына қарап кемсітуге болмайды (14-б. 2-т.). Конституциямен жарияланған әралуандық, азаматтардың көпшілік қарым-қатынасқа ұжыммен қатысуы (5, 23-б.), тұлғаны ұлттық, дінге көзқарасына байланысты қорғау туралы конституциялық ереже бойынша адамның өзіндік еркін білдіруі, ұлттық, партиялық және дінге көзқарасын өзі анықтауы, оны көрсетуі не көрсетпеуі әркімнің құқығы. Демократиялық, құқықтық, әлеуметтік және зайырлы мемлекет құру конституциялық принципі көпұлттық және көппартиялық Қазақстанда дамыған діндік әралуандық және шыдамдылық дәстүрі адамға өзінің ұлттық, діндік, партиялық таңдауын анықтауға еркін мүмкіндік береді. Діни шыдамды және әралуанды салты дамыған көпмаманды, көпұлтты және көппартиялы Қазақстанда Конституцияның демократиялық, құқықтық, әлеуметтік және зайырлы мемлекет дамыту ұстанымы, адамға өзінің қай ұлтқа, діни нанымға және қай партияға жататынын айыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, Конституция азаматқа өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын және оны көрсету-көрсетпеу құқығын берді.

Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы деген конституциялық құқығы Республикада қолданыстағы құқықпен реттелінеді. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексіне [6] сәйкес баланың ұлты оның ата-анасының ұлтына байланысты айқындалады. Егер ата-анасының ұлты әр түрлі болса, ол баланың қалауы бойынша оған жеке басының куәлігі немесе паспорт берілген кезде әкесінің немесе шешесінің ұлтымен айқындалады. Одан әрі баланың ұлты оның өтініші бойынша басқа ата-анасының ұлтына өзгертілуі мүмкін (65-б.).

Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» Заңға [7] сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси партияларға бірлесу бостандығына құқығы бар. Саяси партияға мүше болу Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарын шектеуге негіз бола

алмайды. Әркім өзінің қандай партияға жататынын көрсетуге немесе көрсетпеуге құқылы (3-б.). Азаматтардан кез келген нысанда, оның ішінде ресми құжаттарда да, қандай партияға жататынын көрсетуді талап етуге тыйым салынады (4-б., 3-т.). Саяси партиялардың қызметі еріктілік, тең құқықтылық, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық ұстанымдарына негізделеді. Осы Заңмен белгіленген шектеулерді қоспағанда, саяси партиялар ішкі құрылымын, мақсаттарын, қызмет нысандары мен әдістерін еркін анықтайды (5-б., 1-т.).

Ар-ождан бостандығы құқығы (дін, діни наным) Конституцияда, көптеген дүниежүзі елдерінің заңнамаларында және халықаралық-құқықтық құжаттарда адамның ең басты құқықтарының бірі болып табылады. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар екені Қазақстан Республикасы Конституциясы 22-бабының 1-тармағында да көрсетілген. Айта кететін жайт, ұлттық заңдар мен халықаралық-құқықтық актілер бостандық туралы айта отырып, әр түрлі терминологияны пайдаланады. Халықаралық-құқықтық актілер ой, ар-ождан, дін бостандығы құқығын бірдей марапаттайды. Кейбір елдердің заңнамаларында ар-ождан бостандығы құқығы туралы айтылса, басқа елдерде дін және діни наным туралы айтылады.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның [8] 3-бабының 11-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне, сол сияқты Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дінге көзқарасын айқындауда, діни бірлестіктердің қызметіне, діни жораларға және (немесе) дінді оқып-үйренуге қатысуына немесе қатыспауына қандай да бір мәжбүрлеуге жол берілмейді.

Конституцияның 19-бабы 1-тармақшасының қағидасы айтылған Заңмен бірге Қазақстан Республикасы азаматтарына, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар өздерінің дінге қарым-қатынасын таңдау құқығын береді және мемлекеттік органдар мен басқа бірлестіктерді адамның дінге көзқарасын таңдау, діни бірлестікке жататын немесе жатпайтын, дінді үгіттеу құқығын сақтауға шақырады.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 27-бабына сәйкес этникалық, діни және тіл азшылығы бар елдерде, осындай азшылық құрамындағы адамдар өз мәдениетін пайдалану, өз дінін тұтыну, дінінің салт-жораларын ұстану және ана тілінде сөйлеу құқығынан айырылмауы тиіс.

Халықаралық сарапшылардың өздері [9] Қазақстанда этностық тілдерді оқытудың ТМД-дағы ең дамыған жүйесі құрылған деген байлам жасап отыр. Бізде ассирийліктер, ирандар, ноғайлар, дүңғандар сияқты саны аз ұлыстар үшін де төл тілдері мен мәдениеттерін дамытуға барлық мүмкіндіктер жасалған. ЮНЕСКО-ның тілдер атласының соңғы мәліметтері бойынша, дүниежүзіндегі қолданыстағы 7 мың тілдің 2 мың 511-і жойылу қаупі алдында тұрған жағдайда қазақтардың мұнысы игі іс, қайырымды қадамдар екендігі даусыз. ЕҚЫҰ құрылымдарының 2005-2006 жылдары Қазақстандағы тілдік саясатты зерделеу қорытындылары бойынша, 2006 жылғы 12 желтоқсанда ЕҚЫҰ-ның Аз ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссарының офісінде Қазақстандағы тіл саясаты барлық посткеңестік кеңістіктегі ең әділі деп жариялады.

Конституцияның 19-бабы 2-тармағында көрсетілген әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алу құқығы Республикада қолданылып жүрген заңнамалармен реттеледі. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына [10] сәйкес мемлекет тілге қамқорлық көрсетуге міндетті, тілдердің қолданылуына кедергі келтіруге жол бермейді. Қазақстан Республикасының азаматының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды. Ұлттық топтар жинақты тұратын жерлерде іс-шаралар өткізілген кезде олардың тілдері пайдаланылуы мүмкін (6-б.).

Қазақстан Республикасында тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол берілмейді. Қазақстанда мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылуына және оларды үйренуге кедергі келтіретін лауазымды адамдардың іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады (7-б.). Білім алу жүйесінде мемлекеттік тілде, ал ұлт топтары жинақы тұратын жерлерде солардың тілдерінде жұмыс істейтін мектепке дейінгі балалар ұйымдарын құру қамтамасыз етіледі. Балалар үйлерінде және оларға теңестірілген ұйымдарда оқыту, тәрбие беру тілін жергілікті атқарушы органдар олардағы балалардың ұлттық құрамын ескере отырып белгілейді. Қазақстан Республикасы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мемлекеттік тілде,

орыс тілінде, ал қажетіне қарай және мүмкіндігі болған жағдайда басқа да тілдерде алуды қамтамасыз етеді (16-б.). Мәдени шаралар мемлекеттік тілде және қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жүргізіледі (17-б.).

«Білім туралы» Заңға [11] сәйкес ана тілінде білім алу құқығы тиісті білім беру ұйымдарының мүмкіндіктері болған жағдайда сыныптар, топтар құрумен, сондай-ақ олардың жұмыс істеуіне жағдай жасаумен қамтамасыз етіледі (9-б. 3-т.).

Қазақстан Республикасында мәдениетті жасау, қайта түлету, сақтау, дамыту, тарату және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін және мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайтын «Мәдениет туралы» Заң [12]. Заң бойынша мәдениет — адамзат жасаған әрі жасайтын және жеке адамның жарасымды дамуына, Қазақстан Республикасы азаматтарының отаншылдығын тәрбиелеуге және эстетикалық қажеттері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы. Мемлекет қазақ халқының және этностық диаспоралардың тарихи мұрасын сақтау, қоғамның шығармашылық әлеуметін дамыту және молайту үшін құқықтық кепілдіктер жасайды.

Азаматтарды мәдени құндылықтарға баулу құқығы қамтамасыз етіледі. Осы құқықтың шектелуі ұлттық мәдени игілік объектілерінің айрықша режимімен ғана айқындалуы мүмкін (10-б. 2-т.). Азаматтар тарихи және мәдени мұраны сақтауға қамқорлық жасауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін, табиғи құндылықтарды қастерлеуге, мәдениетті, мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді, қазақ халқының және этностық диаспоралардың әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін құрметтеуге міндетті (11-б.). Мәдени-демалыс ұйымдарының негізгі міндеті халықтың рухани және эстетикалық сұранысын қанағаттандыру болып табылады. Мәдени-демалыс ұйымдарының қызметі халық шығармашылығын, этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтауға, насихаттауға, оларды осы заманғы тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімдеуге бағытталған (27-б.).

Сонымен бірге Конституцияның бірқатар баптары ұлтаралық келісім мәселелерін реттеуге арналған. Оларды қорытындылайтын 39-баптың 2-тармағында: «Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады». Республика қызметінің түбегейлі принциптері ретінде Конституция қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық дамуды, қазақстандық патриотизмді паш етеді. Қазақстан халқының құрамы көпұлтты болғандықтан, осы елді мекендейтін түрлі ұлттар мен ұлыстардың бейбіт қатар өмір сүруі негізіндегі ұлтаралық татулық ерекше маңызға ие.

Қоғамды саяси жаңғырту қазақстандық барлық этностардың теңдігін қамтамасыз етуге, олардың мәдениеті мен тілдерін өркендетуге мүмкіншілік жасады, ал бұл қоғамдағы төзімділікті нығайтып, этносаралық қатынастарды үйлестіруге септігін тигізеді. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен [13] бекітілген, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында айтылғандай, «Қазақстанның көпұлтты халқының ұлтаралық татулығын сақтау мен нығайтуда, оның бірлігін қамтамасыз етуге құқықтық механизмдердің рөлі арта түседі». Мемлекеттің күш-жігері, біріншіден, заң үстемдігін және адамның және азаматтың нәсіліне, ұлтына, дінге көзқарасына, қай әлеуметтік топқа жататындығына қарамастан, құқықтары мен бостандықтарының теңдігін қамтамасыз етуге бағытталады. Екіншіден, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған іс-әрекеттің алдын алуға бағытталады.

Қазақстан қоғамындағы этносаралық қатынастарды, төзімділік пен сенімді нығайтуға ерекше мән бере отырып, Республиканың Негізгі Заңы ұлтаралық татулықты бұза алатын кез келген іс-әрекетті конституциялық емес деп жариялайды.

Оның бірқатар нормаларында Республикадағы этносаралық қатынастарды тұрақсыздандыруға жол бермеуді басты мақсат тұтатын қағидалар баянды етілген. Атап айтқанда, мақсаты немесе іс-әрекеті әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне (5-б. 3-т.), нәсіліне, ұлтына және тіліне байланысты кемсітуге (14-б. 2-т.), нәсілдік, ұлттық және рулық астамшылықты насихаттауға немесе үгіттеуге (20-б. 3-т.) тыйым салынады.

Бірақ мемлекетті демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік деп жариялағанның өзінде ұлтаралық мәселелер өз бетінше жоғалып кетпейді. Олар кез келген мемлекетте және оның кез келген даму сатысында әр түрлі мөлшерде көрініс табады. Бірақ мәселе басқада, белгілі аксиомаға

сәйкес, мемлекеттегі ұлтаралық келісімнің тұрақты және берік болуы, оның барлық этнос өкілдерінің құқықтары мен бостандықтарының теңдігін қамтамасыз ететін құқықтық базасының бар болуына ғана тәуелді емес, сонымен бірге ол құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыратын тиімді институттардың болуына да тәуелді.

Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық саясатының жүзеге асырылуы бірнеше кезенді қамтиды. Алғашқы кезеңде еліміздегі тіл саясатына қатысты мәселелер шешімін тауып, одан кейін ұлттық-мәдени орталықтар құрыла бастады. Нәтижесінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Қазақстан халықтарының I форумында (1992 ж.) Президент Н. Назарбаев алғаш рет республика халықтарын біріктіретін қоғамдық ұйым құру туралы идеясын жариялады. Осынау Алқалы жиында Елбасы: «Бүгінгі талқылаудың нәтижесінде біз жаңа қоғамдық институт — Қазақстан халықтарының келісім және бірігу Ассамблеясын құра алар едік деп ойлаймын. Бұл Қазақстандағы ұлтаралық келісімді бүкілхалықтық нығайту міндетін шешетін саяси емес, үкіметтік емес ұйым болар еді» деген ойын сабақтай отырып, оның нақты жүзеге асатынына сенім білдірген болатын [14].

Осыған сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы» Жарлығымен [15] елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында 1995 жылдың 1 наурызында республиканың қоғамдық-саяси аренасында ұлттық саясат саласында жаңа институт — Қазақстан халықтары Ассамблеясы пайда болды.

Өткен жылдар аралығында елдің ұлттық саясаты өзінің демократиялық, бейбіт жасампаздық және прогрессивті бағытымен сипатталды. Қазақстан халқы Ассамблеясы қазақстандық қоғамның белсенді бөліктерінің бірі бола отырып, оған қажетті энергия мен қозғалыс береді. Ассамблеяның сессияларында туатын азаматтық-қоғамдық бастамашылықтардың саяси жүйеге қол жеткізуі қазақстандық қоғамның өмір сүру шартының бірі болып табылады. Ассамблеяның қолдауымен қоғамда тұрақтылық қамтамасыз етілді. Сонымен бірге көлемді реформаларға қуатты импульс берілді, ол Қазақстанның алдағы жылдардағы даму логикасын анықтады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының біріктіруші күші, еліміздегі барлық этностарды жұмылдырушы қасиеті мемлекеттік ұлттық саясаттың басты тұғырына айналды. Ассамблея этномәдени бірлестіктерді дамыта отырып, саяси, құқықтық және мәдени бағытта қазақстандық жаңа үлгіні тәжірибеге енгізді. Ассамблея тоталитарлық «біркелкілік» жүйесінен шыққан этностардың дәстүрі, тілі мен мәдениетін қалпына келтіруге, дамытуға толық жағдай жасалуына күш салып, халық ықыласына бөленді. «Саналуандық арқылы бірлікке» деген бағытта дамыған этносаралық қатынастың қазақстандық үлгісі қалыптасты [16].

Қазақстан халқы Ассамблеясының орны мен рөлін 2007 жылғы конституциялық реформа айқындап берді. Оның нәтижесінде Ассамблея конституциялық орган мәртебесін алды. 2008 жылы 20 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына [17] сәйкес, Ассамблея заңды тұлға құрылмай, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме ретінде заңнамамен бекітілді. Осы Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесін, оны қалыптастыру мен жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Ассамблея азаматтардың этноұлттық қатыстылығына, әлеуметтік жағдайына және саяси көзқарасына қарамастан, біріктіруші, мемлекет пен қоғамның дамуының өзекті мәселелері бойынша талқылау мен кең көлемді қоғамдық келісімді тұжырымдау үшін азаматтық сектордың топтастырушы алаңына айналды.

2011 жылы 7 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халқы Ассамблеясының ережесі туралы» Жарлығы [18] Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесі мен өкілеттіктерін, сондай-ақ оның мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылының ұйымдастырылу ерекшеліктерін, Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатын әзірлеу мен іске асыруға қатысу тәртібін айқындайды.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің жыл сайынғы дәстүрлі халыққа Жолдаулары мен еңбектерінде мемлекеттің ұлттық саясатының негізгі басымдықтарын айқындап отырады. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында [19]: «Біз 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері тұратын елде ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық бірлікті сақтадық және

нығайттық. Біздің саясатымыз табысты болды. Біз демократиялық даму үлгісі негізінде азаматтық қоғам институттарын дәйекті түрде қалыптастырдық. Адам құқықтары жөніндегі омбудсмен институты құрылды. Бізде бұрын ешқашан көппартиялылық болмаса, қазір еліміздегі барлық саяси спектрді көрсететін партиялар жұмыс істейді. Бізде көппартиялы Парламент, парламенттік көпшілік қолдаған Үкімет бар. Азаматтық қоғам дамуда, тәуелсіз БАҚ жұмыс істеуде. Түрлі бағыттағы 18 мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істейді. 2,5 мыңдай БАҚ бар, оның 90%-ы — жеке иелікте. Қазақстан бүгінде мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысудың халықаралық орталығына айналды. Әлемдік және дәстүрлі діндердің алғашқы төрт съезі нақ біздің елімізде өтті. XXI ғасырда Қазақстан Шығыс пен Батыстың үнқатысуы мен өзара іс-қимылының көпірі болуға тиіс. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім — біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениеттер үндесуінің бірегей еуразиялық үлгісі болды», — деп көрсетті.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығына [20] сәйкес, тұжырымдаманың мақсаты болып Ассамблея институтын бұдан әрі дамыту және оның елдің тәуелсіздігі мен мемлекеттігін нығайтудағы рөлін арттыру, патриотизм, қазақ халқы мен мемлекеттік тілдің топтастырушы рөлін арқау ете отырып, жалпы құндылықтар негізінде қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті қамтамасыз ету болып табылады.

Тұжырымдаманың келесідей негізгі міндеттері айқындалған:

- «Қазақстан – 2050» Стратегиясын іске асырудың күшті мемлекет, дамыған экономика және Жалпыға Ортақ Еңбек мүмкіндіктері негізінде берекелі Қоғам қалыптастырудың тиімді ресурсы ретінде этносаралық қатынастарды үйлестіру және қоғамдық келісімді нығайту;
- этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы ұлттық бірлікті қалыптастыру, этносаралық келісім мен қоғамдағы толеранттылықты нығайту үшін қолайлы жағдай жасау;
- этностық мәдениеттерді, тілдер мен Қазақстан халқының дәстүрлерін одан әрі дамыту негізінде қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікке қол жеткізу үшін этномәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіру;
- тарихи тәжірибеге және демократиялық нормаларға сүйенетін қазақстандық қоғамның негізгі құндылықтар жүйесін қалыптастыру, азаматтардың саяси-құқықтық, әлеуметтік-адамгершілік мәдениетін дамыту;
- этностық мәдениеттерді, тілдер мен Қазақстан халқының дәстүрлерін дамыту;
- шет елдерде тұратын қазақ диаспорасына ана тілі, мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін сақтау және дамыту, тарихи Отанымен байланысты нығайту мәселелеріне қатысты қолдау көрсету;
- халықаралық ұйымдар және шетелдердің азаматтық қоғам институттарымен интеграциялық байланыстарды кеңейту болып табылады.

Кәмелетке толып, кемеліне келген Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясы 2013 жылы 24 сәуірде Астана қаласында Бейбітшілік және келісім сарайында өтті. Қазақстан Президенті, Ассамблея Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жетекшілігімен өткен жиын «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: бір халық — бір ел — бір тағдыр» атты тақырыпты қамтыған болатын. Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясының жүріп өткен жолдарына көз жүгіртті. «Ел тәуелсіздігінің ең жауапты кезеңінде бірлігіміздің бастауы болсын деп қолымызбен құрған Ассамблеяның дүниеге келгеніне 18 жылда өзінің өміршеңдігін көрсетіп, біздің бейбіт қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Ассамблеяның ең басты міндеті — еліміздегі қоғамдық келісім», — деп атап өтті Нұрсұлтан Әбішұлы [21].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өз еңбектері мен халыққа Жолдауларында этносаралық қатынастар үйлесімділігі мен оларды талдау тақырыбына әрқашан көңіл бөледі. Бұл еңбектердің жиынтығы этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделінің теориялық және методологиялық базасын құрады.

Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінен бастап этносаралық қатынастар мәселесін шешудің өркениетті жолын таңдап алды және ол бұлжымай орындалып келе жатыр. Бұл өркениетті жол еліміздегі азаматтық қоғамды дамыту үдерісімен біте қайнасып жүргізіліп келеді. Оның мәні мынада: жалпыазаматтық бірегейлік этникалық қасиеттерді сақтауға негізделген, олар бір-біріне қайшы

келмейді. Керісінше, жалпы азаматтық бірегейлік жағдайында этникалық мазмұн күшейе береді және ол дамудың мүмкіндіктерін ашады, ал азаматтық қоғам бұл мүмкіндіктердің одан әрі өсуіне жағдай жасайды. Сонымен бірге, этникалық сана өзіндік дәстүрлерін жоғалтпайды [14].

Сонымен, қорыта келгенде, мақалада Қазақстан Республикасында ұлттық саясат қалыптасуының теориялық-құқықтық аспектілері қарастырылды. Мемлекеттің ұлттық саясатының басты бағыттары мен ұлттық саясат қағидаларын бекітетін, сонымен қатар ұлтаралық қатынастарды реттейтін құқықтық негізін құрайтын заңнамалық нормалар мен актілер жиынтығы көрсетілді. Республиканың қоғамдық-саяси аренасында ұлттық саясат саласында жаңа институт — Қазақстан халқы Ассамблеясының біріктіруші күші, еліміздегі барлық этностарды жұмылдырушы қасиеті мемлекеттік ұлттық саясаттың басты тұғырына айналды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. — Алматы: Дәуір, 1992. — 9-б.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. // Егемен Қазақстан. — 1995. — 5 қырк.
- 3 Смаилов А.А. Демографический ежегодник Казахстана: Стат. сб. — Астана: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2012. — С. 27.
- 4 Universal Declaration of Human Rights (1948) by the United Nations General Assembly, [ER]. Access mode: <http://en.wikisource.org>
- 5 Қазақстан Республикасының «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91 Заңы // Егемен Қазақстан. — 2005. — 3 желт.
- 6 Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://online.zakon.kz>
- 7 Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» 2002 жылғы 15 шілдедегі № 344-II Заңы // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://online.zakon.kz>
- 8 Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://online.zakon.kz>
- 9 Әбішев Т., Тұрсынов С. 2009 жылы Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарының ахуалы туралы. — Астана: Fortress, 2010. — 130 б.
- 10 Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Заңы // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://online.zakon.kz>
- 11 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://online.zakon.kz>
- 12 Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207-III Заңы // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://online.zakon.kz>
- 13 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы // Егемен Қазақстан. — 2009. — 28 тамыз.
- 14 Назарбаев Н. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. — Алматы: Қазақстан, 1996. — 83 б.
- 15 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы» 1995 жылғы 1 наурыздағы №2066 Жарлығы // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz>
- 16 Тоғжанов Е. Бірлік пен ынтымақтастықты нығайту — мемлекеттік саясаттың басты әрі басым бағыты // Егемен Қазақстан. — 2009. — 1 мамыр.
- 17 Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» 2008 жылғы 20 қазандағы № 70-IV Заңы // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://assembly.kz>
- 18 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халқы Ассамблеясының ережесі туралы» 2011 жылы 7 қыркүйектегі № 149 Жарлығы // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://assembly.kz>
- 19 Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (Астана қ., 2012 жыл 14 желтоқсан) // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://strategy2050.kz>
- 20 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасын бекіту туралы» 2013 жылғы 18 сәуірдегі № 552 Жарлығы // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://online.zakon.kz>
- 21 Назарбаев Н. Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясы: «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: бір халық — бір ел — бір тағдыр». (Астана қ., 2013 жыл 24 сәуір) // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.assembly.kz>

Д.К.Рустембекова

Теоретико-правовые аспекты формирования национальной политики в Республике Казахстан

В статье показано, что приоритетным направлением национально-государственной политики в Республике Казахстан является решение главных задач развития этнополитики на основе ценностей гражданского общества, демократии и суверенитета. Автором подчеркнута, что одна из главных функций страны — регулирование межэтнических отношений — имеет прочную политико-правовую основу, соответствующую нормам Конституции РК. Обсуждена совокупность законодательных норм и актов, составляющих правовую основу регулирования межнациональных отношений. Выделена важная роль Ассамблеи народа Казахстана — общественного института гармонизации государственной политики и деятельности общественных организаций по реализации национальной политики в стране.

D.K.Rustembekova

Theoretical and legal aspects of formation of national policy in the Republic of Kazakhstan

A priority of national and state policy in the Republic of Kazakhstan is the decision of the main tasks of ethnic policy based on the values of civil society, democracy and sovereignty. One of the main functions of the state is the regulation of interethnic relations, with strong political and legal framework that complies with the Constitution of the Republic of Kazakhstan. Discussed set of legislation and regulations that constitute the legal basis for regulating international relations. The important role of the Assembly of People of Kazakhstan as a public institution harmonization of public policy and activities of non-governmental organizations on the implementation of national policy in the country.

References

- 1 Nazarbaev N.A. *Strategy formation and development of Kazakhstan as a sovereign state*, Almaty: Daur, 1992, p. 9.
- 2 *Egemen Kazakhstan*, 1995, September, 5.
- 3 Smailov A.A. *Demographic Yearbook of Kazakhstan: Statistical compilation*, Astana: Agency of statistics of the Republic of Kazakhstan, 2012, p. 27.
- 4 *Universal Declaration of Human Rights (1948) by the United Nations General Assembly*, [ER]. Access mode: <http://en.wikisource.org>
- 5 *Egemen Kazakhstan*, 2005, December, 3.
- 6 *Code of the Republic of Kazakhstan «On Marriage (Matrimony) and Family» of December, 26, 2011, 518-IV* // <http://online.zakon.kz>
- 7 *The Law of the Republic of Kazakhstan «About political parties» of July 15, 2002, No. 344-II*, [ER]. Access mode: <http://online.zakon.kz>
- 8 *The Law of the Republic of Kazakhstan «On Religious Activity and Religious Associations» of October 11, 2011, 483-IV* // <http://online.zakon.kz>
- 9 Abishev T., Tursynov S. *On the state of human rights in the Republic of Kazakhstan in 2009*, Astana: Fortress, 2010, 130 p.
- 10 *The Law of the Republic of Kazakhstan «On languages in the Republic of Kazakhstan» of July, 11, 1997, 151-I* // <http://online.zakon.kz>
- 11 *The Law of the Republic of Kazakhstan «About education» of July 27, 2007, 319-III*, [ER]. Access mode: <http://online.zakon.kz>
- 12 *The Law of the Republic of Kazakhstan «About culture» of December 15, 2006, 207-III*, [ER]. Access mode: <http://online.zakon.kz>
- 13 *Egemen Kazakhstan*, 2009, August 28.
- 14 Nazarbayev N. *Five years of independence*, Almaty: Kazakhstan, 1996, 83 p.
- 15 *Decree of the President of the Republic of Kazakhstan «Establishing the Assembly of Peoples of Kazakhstan» of March 1, 1995, No. 2066*, [ER]. Access mode: <http://adilet.zan.kz>
- 16 Tugzhanov Ye. *Egemen Kazakhstan*, 2009, May 1.
- 17 *The Law of the Republic of Kazakhstan «About Assembly of the People of Kazakhstan» of October 20, 2008, 70-IV*, [ER]. Access mode: <http://assembly.kz>
- 18 *Decree of the President of the Republic of Kazakhstan «The Regulations on the Assembly of the People of Kazakhstan» of September 7, 2011, 149*, [ER]. Access mode: <http://assembly.kz>
- 19 *Address by the President of the Republic of Kazakhstan, Leader of the Nation, N.Nazarbaev «Strategy Kazakhstan – 2050»: new political course of the established state*, Astana, on December 14, 2012, [ER]. Access mode: <http://strategy2050.kz>
- 20 *Decree of the President of the Republic of Kazakhstan «On approval of the Concept of the Assembly of People of Kazakhstan till 2020» of April 18, 2013, 552*, [ER]. Access mode: <http://online.zakon.kz>
- 21 Nazarbaev N. *XX session of Assembly of People of Kazakhstan: «Strategy «Kazakhstan – 2050: one nation — one country — one fate»* (Astana, on April 24, 2013), [ER]. Access mode: <http://www.assembly.kz>